

2-БЛОК: Арнайы пән
Сурет және композиция
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Қандайда да бір заттың жеке бөліктерінің арасындағы белгілі бір сәйкестік
 - A) композиция
 - B) экспрессия
 - C) конструкция
 - D) тепе-теңдік
 - E) пропорция

2. Академиялық суретте негізгі қоланатын материал
 - A) қарындаш
 - B) сулы бояу
 - C) тушь
 - D) сия
 - E) гуашь

3. Заттардың формасының анық көрсетілуі
 - A) төменгі қатарда
 - B) ортаңғы қатарда
 - C) артқы қатарда
 - D) шеткі қатарда
 - E) алдыңғы қатарда

4. Жансыз заттарды бейнелейтін жанр
 - A) пейзаж
 - B) портрет
 - C) батальды
 - D) натюрморт
 - E) мифологиялық

5. «Алтын қима», (Золотое сечение) терминін ендіруші
 - A) Леонардо да Винчи
 - B) Пифагор
 - C) Фибоначчи
 - D) Ле Корбюзье
 - E) Эвклид

6. Адам денесінің перспективада бейнеленуі
- A) төрттен үш қыры
 - B) профиль
 - C) ракурс
 - D) силуэт
 - E) анфас
7. Көкірек қуысындағы омыртқалар
- A) 24 омыртқа
 - B) 12 омыртқа
 - C) 8 омыртқа
 - D) 9 омыртқа
 - E) 7 омыртқа
8. Мойын бөлігіндегі омыртқалар
- A) 8 омыртқа
 - B) 6 омыртқа
 - C) 5 омыртқа
 - D) 7 омыртқа
 - E) 4 омыртқа
9. Адам қаңқасының негізгі тірегі
- A) иық
 - B) аяқ
 - C) жамбас
 - D) омыртқа
 - E) қабырға
10. Сүйектердің бір-біріне бірігуі - бұл
- A) буын
 - B) бұлшық ет
 - C) шандыр
 - D) сіңір
 - E) тері
11. Суретшінің өзін-өзі бейнелеуі
- A) өнебойы
 - B) торс
 - C) дене бойы
 - D) портрет
 - E) автопортрет

12. Бас сүйек мойынның қай омыртқасына бекітіледі
- A) эпистрофея
 - B) гигант
 - C) коринф
 - D) шығыңқы
 - E) атлант
13. Омыртқа бағанасындағы омыртқалар саны
- A) 25-27
 - B) 27-29
 - C) 35-37
 - D) 33-35
 - E) 38-39
14. Адам басының анатомиялық бұлшықет бедерінің гипс көшірмесі
- A) экорше
 - B) давид
 - C) венера
 - D) каракалл
 - E) готемелат
15. Жазықтықтарға қырланып бөлінген гипс бас
- A) каракалл
 - B) готемелат
 - C) обрубковый
 - D) гомер
 - E) экорше
16. Адамның бас қаңқасының бөліктері
- A) 6-бөліктен
 - B) 3-бөліктен
 - C) 5-бөліктен
 - D) 4-бөліктен
 - E) 2-бөліктен
17. Адам басын бейнелеудің «анфас» түрі
- A) төрттен үш қыры
 - B) алдынан
 - C) төменнен
 - D) қырынан
 - E) жоғарыдан

18. Портрет суретіндегі ең ұтымды ракурс
- A) жоғарыдан
 - B) анфас
 - C) профиль
 - D) төрттен үш қыры
 - E) төменнен
19. Оқу барысында гипс бет бөліктерін қолданатын «Давид» мүсінінің авторы
- A) Манцу
 - B) Бранкузи
 - C) Микеланджело
 - D) Бурдель
 - E) Донатело
20. Конструктивтік суреттің негізгі құралы
- A) шимай
 - B) сызық
 - C) нүкте
 - D) дақ
 - E) сұлба

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Бояуларды дұрыс қолдану үшін оларды араластыру заңдылықтарын білу қажет:
- A) екі қосалқы түстерді араластыру ахроматикалық түс береді (сұр)
 - B) екі негізгі түстерді араластыру хроматикалық түс береді
 - C) үш негізгі түстерді араластыру ахроматикалық түс береді
 - D) екі қанық түстерді араластыру ахроматикалық түс береді
 - E) үш қосалқы түстерді араластыру ақ түс береді
22. Сүйектің бір-біріне бірігуі
- A) кірпік
 - B) буын
 - C) шаштар
 - D) шеміршек
 - E) тері
 - F) бұлшық ет
 - G) шандыр
 - H) сіңір
23. Қолдың емін-еркін қозғалуына әсер ететін сүйектер
- A) бұғана
 - B) асықты жілік
 - C) кәрі жілік
 - D) төс сүйегі
 - E) жауырын
 - F) ортан жілік
24. Анатомия ішінде сүйек пен бұлшық еттерді зерттейтін ілім
- A) миология
 - B) биология
 - C) хронология
 - D) топология
 - E) криминология
 - F) остеология

25. Бас қаңқасындағы жұп сүйектер

- A) самай сүйегі
- B) төбе сүйегі
- C) емізік сүйегі
- D) маңдай сүйегі
- E) сына тәрізді сүйек
- F) шықшыт сүйегі
- G) шүйде сүйегі
- H) мұрын сүйегі

26. Ми сауытына жататын сүйектер

- A) самай
- B) мұрын
- C) жақ
- D) шүйде
- E) төбе
- F) шықшыт
- G) сына тәрізді
- H) маңдай

27. Бет сауытына жататын сүйектер

- A) жақ
- B) шықшыт
- C) самай
- D) шүйде
- E) сына тәрізді
- F) маңдай
- G) мұрын
- H) емізік

28. Нағыз омыртқаларды құрайтын бөліктер

- A) кеуде
- B) мойын
- C) бел
- D) жамбас
- E) сегізкөз
- F) жауырын
- G) құймышақ
- H) бұғана

29. Көкірек торын құраушы сүйектер

- A) жауырын
- B) сегізкөз
- C) төс сүйегі
- D) орган жілік
- E) бұғана
- F) омыртқалар
- G) қабырғалар
- H) жамбас

30. Пластикалық анатомияда көз құрылымына байланысты сөздер

- A) көз шыршасы
- B) көз алмасы
- C) көз ұяшығы
- D) көз тірегі
- E) көз шарасы
- F) көз алмұрты
- G) көз жұмырқасы
- H) көз құймасы

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Біз бір топ оқушылармен Әбілхан Қастеев атындағы өнер музейіне кірдік және амалсыздан бір сәтке саябырсып тоқтадық. Вестибюлдің өзінде бізді әдемі мәрмәр мүсіндер қарсы алды. Алдымызда сұлулықтың эталоны болып саналатын қайта өрлеу дәуірінің керемет туындысы «Давидттің» мүсініне көзіміз түсті. Жоғары көтеріліп жан-жағымызға көз жүгірттік. Мыңдаған картиналар мен графика, мүсін, басқада туындылар, олардың әр қайсысы, кез-келген уақытта бізбен әңгімелесуге дайын тұрғандай. Келесі көзімізге түскен Сидоркиннің «Алпамыс батыр» жырына жасалған иллюстрациялар топтамасы болды. Олар автолитография техникасында орындалыпты. Оқушылардың көпшілігі «Батырдың дүниеге келуі» атты автолитографиясын ұнатты. Ал кейбіреулері басқа автордың «Махамбет топтамасынан. Домбыра тартып отырған Махамбетті» ұнатты, ол линогравюра техникасында орындалған екен. Оқушылардың бірі тұра қалып Наурызбаевтың «Құрманғазы» атты мәрмәрден жасалған портретінің нобайын қағаз бетіне қарындашпен түсіріп жатты. Не себепті бұл жұмысқа тоқталдың? – деп сұрағанымда, оның жауабы: «Өйткені автордың еңбегінен оның сақалдарының қимылы, қалың қою қастары, терең ойға кеткен бет әлпетінің образдық шешімі арқылы самал желдің, домбраның күмбірлеген күйін сезінгендей әсерде болдым» - деп жауап берді. Одан қалыспай басқа оқушыларда жұмысқа кірісіп кетті. Біреуі қылқаламмен, таршон қағазына бір түсті сулы бояумен сала бастаса, басқа біреуі тушыпен ватман қағазын шығарып планшетке бекіте бастады, сөйтіп біздің экскурсиямыз әсерлі және қызықты болғаны соншалықты соңы қызу жұмысқа ұласып кетті.

31. Наурызбаевтың «Құрманғазы» атты мәрмәр тастан жасалған портреті.

- A) рельеф
- B) горелеф
- C) бюст
- D) статуя
- E) торс

32. Ол линогравюра техникасында орындалған екен. Линогравюра техникасы
- A) пластмассадан ойылып, пластмассадан басылады
 - B) линолиумге ойылып, линолиумнен басылады
 - C) тасқа қашап, тастан басылады
 - D) мысқа ойып, мыстан басылады
 - E) ағашқа ойып, ағаштан басылады
33. «Махамбет топтамасынан. Домбыра тартып отырған Махамбеттің» авторы
- A) Айтбаев Салихитдин
 - B) Тоғысбаев Тоқболат
 - C) Сахи Романов
 - D) Нағымбек Нұрмұхаммедов
 - E) Мақұм Кисамединов
34. «Давидтің» мүсініне көзіміз түсті. Давид мүсінінің авторы
- A) Микаланджело Буонароти
 - B) Альберхт Дюрер
 - C) Рафаэль Санти
 - D) Джакома Манцу
 - E) Леонардо да Винчи
35. Алдымызда сұлулықтың эталоны болып саналатын қайта өрлеу дәуірінің керемет туындысы. Қайта өрлеу дәуірі бұл
- A) готика
 - B) ренесанс
 - C) орта ғасыр
 - D) антикалық
 - E) романтизм

2-жағдаят**Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма**

Жексенбі күн шуағын шашып тұрған сәске уақыты еді. Мен терең ойдамын. Айналада демалып жүрген ел-жұрт, көлеңкелеу жерде бір топ суретшілер, біреуі сурет салып жатыр, енді біреуі картиналарын тізіп қою үстінде. Арасында шамалап алты-жеті жастағы шашы бұрым бір қызды көзім шалып қалды, қасында егде жасына келіп қалған ер адам, шамасы әкесі болар. Қыз бала қызығушылық танытып суретшілердің қасына келіп, сұрай бастады: «Ағасы суретіңіз әдемі шығып жатыр, немен салып жатырсыз?» – деп сұрады. Суретші: «Бұл портрет, ал қолымдағы сангина деп аталады». Ал қасыңыздағы суретте сіздікі ма? Мұрны үлкен, мойны жіңішке мультфильмдегі персонажға ұқсайды екен, бұлда портрет па? – деп тағыда сұрақ астына алды. Суретші: «Бұл да портрет бірақ бұл мультфильм персонажы емес, бұны «шарж» - деп атайды» - деп жауап береді. Ал мына үш аяқты жәшігіңіз ше? Бұл «этюдник» - деп аталады. Шетте тыңдап тұрған әкесі жақынырақ келіп суретшіге: «Менің қызымның да портретін салып беріңізші, бірақ түрлі-түсті бояулармен» - деді. Суретші: «Ендеше отырыңыз» - деді. Сонымен суретші торшон қағазын планшетке бекітіп, қорабын алды, оның ішінде қатар-қатарымен толған түрлі-түсті бор таяқшалары бар екен. Сол бор таяқшаларымен бұрымды қыздың портретін салып бітіріп қолына ұстатты. Қыз бар қуанышымен қандай тамаша! Түрлі-түсті борларыңызбен әдемі болады екен» - дейді. Суретші: «Бұл түрлі-түсті борлар «пастель» - деп аталады» - дейді. Рахмет сізге бұны мен енді рамаға салып бөлмеме іліп қоямын!» - деп қыз қуанышын білдірді.

36. Пастель француз сөзінен нені білдіреді және қандай материал

- A) түрлі-түсті графит қарындаштар
- B) кесек-кесек пигменттер, шағылған кесек қарындаштар
- C) графит түрлі-түсті таяқша қарындаштар
- D) порошок сөзі, түрлі-түсті үгітінділер
- E) паста - қамыр сөзі, қысқа түрлі-түсті таяқша қарындаштар

37. Портрет жанрын бейнелеу

- A) адамның қимыл әрекетін
- B) нақты адамның бет әлпетінің сыртқы келбеті
- C) жануарлар әлемін
- D) адамның динамикадағы қозғалысы
- E) нақты адамның сыртқы дене бітімін

38. Шарж дегеніміз
- A) этюдтің түрі
 - B) кескіндеменің түрі
 - C) анимацияның түрі
 - D) карикатураның түрі
 - E) әшекейдің түрі
39. Сангинаның түсі мен түрі
- A) көк таяқша қарындаштар
 - B) қара таяқша қарындаштар
 - C) сары бор тәрізді
 - D) қызыл бор таяқшасы
 - E) күлгін ұнтақ
40. Таршон қағазының ерекшелігі
- A) сорғыш қағаз
 - B) майда қағаз
 - C) жұқа қағаз
 - D) бұдырлы қағаз
 - E) жылтыр қағаз

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.